

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымындағы Ақпаратты техникалық қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 қазандағы N 1073 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымындағы Ақпаратты техникалық қорғау туралы келісімнің жобасы
м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы Амангелді Смағұлұлы Шабдарбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымындағы Ақпаратты техникалық қорғау туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.30. N 474 қ а у л ы с ы м е н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымындағы Ақпаратты техникалық қорғау туралы КЕЛІСІМ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері (бұдан әрі - үкіметтер) және Шанхай ынтымақтастық ұйымы (б ұ д а н ә р і - Ш Ы Ұ) ,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Аймақтық терроризмге қарсы құрылым туралы келісімді , 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы аясындағы Құпия ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі келісімді және 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі жөніндегі келісімді басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымындағы (бұдан әрі - ШЫҰ АТҚҚ) Ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, ұлттық заңнамаға және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен

нормаларына сәйкес әрекет ете отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін онда қолданылатын терминдер мен ұғымдар мыналарды білдіреді:

ақпарат - 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы шеңберінде құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімнің 1-бабында айқындалғандай құпия ақпарат;

ақпаратты техникалық қорғау - ақпараттың техникалық арналар арқылы сыртқа шығуын, оған рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау жөніндегі ақпаратты жасау, сақтау, өңдеу және беру процесінде оны бұзу (жою) немесе бұрмалау мақсатында әсер етудің алдын алу жөніндегі іс-шаралар кешені;

ақпаратты техникалық қорғау құралдары - әр түрлі мақсаттағы объектілер мен жүйелерде ақпаратты қорғауға арналған бағдарламалық және аппараттық құралдар, сондай-ақ ақпаратты қорғау тиімділігін бақылау құралдары;

кешенді техникалық бақылау - әр түрлі мақсаттағы объектілер мен жүйелердің ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғалуының жай-күйін, соның ішінде техникалық құралдарды пайдалана отырып бақылау.

2-бап

Тараптар ақпаратты техникалық қорғау саласындағы өз қарым-қатынастарын мүдделерді өзара құрметтеу және зияткерлік қызметтің нәтижелеріне меншік құқықтарын тану негізінде жасайды.

3-бап

Осы Келісімді іске асыру мақсатында Тараптардың сарапшылары Тараптармен келісу және ШЫҰ-ның ережелері мен рәсімдеріне сәйкес шешімдер қабылдау үшін ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғаудың нақты шаралары бойынша техникалық тапсырмалар, талаптар және басқа да құжаттар түрінде ұсыныстар әзірлейді және ШЫҰ АТҚҚ-ның Атқару комитетіне ұсынады.

4-бап

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтасады:

ШЫҰ АТҚҚ үшін ақпаратты техникалық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық, нормативтік және әдістемелік құжаттар әзірлеу; ақпаратты техникалық қорғау бойынша әзірленген біліктілік талаптары негізінде Тараптардың мамандарын

даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру; ғылыми-техникалық өнімді және ақпаратты техникалық қорғау құралдарының үлгілерін әзірлеу, өндіру, ШЫҰ АТҚҚ-ға жеткізу және оларды пайдалану.

ШЫҰ АТҚҚ-ға кешенді техникалық бақылау жөнінде қызмет көрсету; ақпаратты техникалық қорғау мәселелері бойынша бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар, көрмелер өткізу.

5-бап

Үкіметтер осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін 30 күн ішінде депозитарийді осы Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

ШЫҰ-да осы Келісімді іске асыруға жауапты орган ШЫҰ АТҚҚ болып табылады.

6-бап

ШЫҰ АТҚҚ-ның Атқару комитеті Тараптардың сарапшыларымен бірлесе отырып, 2003 жылғы 29 мамырдағы ШЫҰ бюджетін қалыптастыру және орындау тәртібі туралы келісімге сәйкес ШЫҰ АТҚҚ-ға ақпаратты техникалық қорғау құралдарының, қажетті аспаптардың, жабдықтардың, материалдар мен оларға жинақтаушы бұйымдардың номенклатурасы мен көлемдері бойынша келесі қаржы жылына ұ с ы н ы с т а р д а й ы н д а й д ы .

ШЫҰ-ның кезекті қаржы жылына арналған бюджетін бекіткеннен кейін Атқару комитеті ШЫҰ АТҚҚ Тараптардың сарапшыларымен бірлесе отырып, ақпаратты техникалық қорғау құралдарының, қажетті аспаптардың, жабдықтардың, материалдар мен оларға жинақтаушы бұйымдардың жеткізушілерін айқындайды және тендерлік негізде тиісті шарттар (келісім-шарттар) жасайды.

7-бап

Үкіметтер осы Келісімді іске асыруға байланысты өз мемлекеттерінің аумағында туындайтын барлық шығыстарды өз бетінше өтейді.

ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз етуге арналған шығыстар ШЫҰ бюджетінен жүзеге асырылады.

8-бап

ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғау ШЫҰ АТҚҚ кеңесі бекітетін ақпаратты техникалық қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

9-бап

ШЫҰ АТҚҚ-ның мүддесінде пайдаланылатын қорғалған объектілер мен жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезінде ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғау жөніндегі нормалардың сақталуын техникалық бақылауды ШЫҰ АТҚҚ кеңесі бекіткен ол туралы ережеге сәйкес жұмыс істейтін Тараптардың сарапшылар тобы, қажет болған жағдайда, ақпаратты техникалық қорғау құралдарын әзірлеуші ұйымның мамандарын тарта отырып жүзеге асырады.

10-бап

ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік ШЫҰ АТҚҚ Атқару комитетінің директорына жүктеледі.

11-бап

ШЫҰ АТҚҚ-да ақпаратты техникалық қорғау жөніндегі талаптарды бұзу фактісі анықталған жағдайда Тараптар ұлттық заңнамаға және ШЫҰ АТҚҚ-да қолданыстағы ережелерге сәйкес консультациялар өткізеді, талқылауды жүзеге асырады және олардың нәтижелері туралы ШЫҰ АТҚҚ-ның Атқару комитеті арқылы бір-бірін ж а з б а ш а н ы с а н д а х а б а р д а р е т е д і .

Ақпаратты техникалық қорғау жөніндегі талаптарды бұзуға байланысты ақпараттың рұқсатсыз таратылуы фактілерін тексеру 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы аясындағы Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісімнің 16-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты даулар Тараптар арасындағы келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешіледі.

13-бап

Осы Келісім шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезіндегі жұмыс тілі орыс және қытай тілдері болып табылады.

14-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісімімен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің 15-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

15-бап

Осы Келісім депозитарий үкіметтердің осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы олардың жазбаша нысандағы хабарламаларының соңғысын алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

Осы Келісімнің депозитарийі Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хатшылығы болып табылады. Депозитарий осы Келісімнің ресми көшірмелерін оған қол қойылған күннен бастап 15 күн ішінде үкіметтерге жібереді.

Депозитарий үкіметтерін осы Келісімнің 5-бабының 1-абзацында көрсетілген құзыретті орган туралы хабарламаны алған күннен бастап 15 күн ішінде басқа үкіметтерге оның атауы туралы хабарлайды.

16-бап

Осы Келісім 2001 жылғы 15 маусымдағы Терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрес туралы Шанхай конвенциясына және 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы аясындағы Құпия ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі келісімге қатысушы болып табылатын басқа да мемлекеттер үкіметтерінің қосылуы
ү ш і н а ш ы қ .

Осы Келісім қосылған үкімет үшін депозитарий оның қосылуы туралы құжатты алған күннен бастап 30-күні күшіне енеді.

17-бап

Осы Келісім 2004 жылғы 17 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы аясындағы Құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету туралы келісім қолданылуын тоқтатқан сәтке дейін күшінде қалады.

200__ жылғы "___" _____ қаласында бір түпнұсқа данада орыс және қытай тілдерінде жасалды, әрі екі тілдегі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін

Қытай Халық Республикасының Үкіметі үшін

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін

Тәжікстан Республикасының Үкіметі үшін

Өзбекстан Республикасының Үкіметі үшін

Шанхай ынтымақтастық ұйымы үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК